

1. Екі адам Құдайға сыйыну үшін, Құдайға табынатын жерге барды. (Лұқа 18:9-14).....	1
2. Петір мен Корнел Ел. істері 10:1-23, 11-14 .....	1
3. Жаратылыстан Қауымға дейін .....	2
4. Жаратылыс (Жар 1-2).....	2
5. Құдайдың тілін алмау (Жар. 3) .....	3
6. Ыбырайым (Жар. 12:1-7; 15:1-6) .....	3
7. Уәде етілген Құтқарушы туралы (Иш. 53).....	3
8. Жын соққан адам (Марқа 5:1-20).....	4

## 1. Екі адам Құдайға сыйыну үшін, Құдайға табынатын жерге барды. (Лұқа 18:9-14)

Иса пайғамбар бізге осы әңгімені Киелі кітаптағы Інжілден айтады:

Екі адам Құдайға сыйыну үшін, Құдайға табынатын жерге барды. Оның біреуі діни қызметкер, ал екіншісі азғындыққа салынған, арам кәпірлермен бірге жұмыс істейтін, салықшы адам еді.

Діни қызметкер Құдайдың алдына келіп, тәкаппарлықпен былай деді: «Рахмет саған, Құдай! Мен ұрлықшы емеспін, Құдайсыз, неке адалдығын бұзушы, мына тұрған салықшы сияқты жәбірлеуші емеспін! Мен аптасына екі рет ораза ұстап, табысымның оннан бірін, қайыр садаққаға беремін.»

Ал сол ары тұрған салықшы, назарын көкке көтерместен көкірегін ұрып, өзінің күнәһар екенін айта бастады – «О, Құдай! Маған рақым ете гөр! Мен күнәһармын!» деді

Содан соң Иса былай деді – «Сендерге шындығын айтайын, үйге қайтқан кезде, діни қызметкер емес, салықшыны Құдай кешіріп, ақтаған еді. Кім өзін-өзі жоғарлатса, соны Құдай төмендетеді. Ал кім өзін төмен ұстаса, соны Құдай жоғарлатады.»

Құдай қандай? Құдайдың кешіремін қалай аламыз?

## 2. Петір мен Корнел Ел. істері 10:1-23, 11-14

Басқа ұлттық әскер бөлімінің жүзбасы Корнел деген адам болған еді. Ол Құдайды қастерлейтін және үнемі Құдайға сыйынып жүретін, бірақ ол Ыбырайымның ұрпағынан емес. Бір күні түс қайта Корнел аян көріп, Құдайдың періштесі оған келді. Періште оған «Корнел» деп тіл қатты.

Одан көз алмай шошып кеткен Корнел «Мырза! Не істеуім керек?» деп сұрады. «Сенің мінажатың мен қайырымдылығың Құдайдың алдына жетті. Басқа қалаға біріулерді жіберіп, Петір деген адамды шақыр! Ол теңіз жағасындағы біреудің үйінде жатыр.»

Келесі күні Корнелдің хабаршылары қалаға жақындап қалғанда, Петір мінажат ету үшін үйдің төбесі тегіс болғандықтан көтерілген еді. Түс уақыты болғандықтан оның тамақ жегісі келген еді. Сонда аспан ашылып, дастарханға ұқсас бір нәрсенің төрт бұрышынан ұсталған күйі төмендеп келе жатқанын көрді. Дастархан үстінде төрт аяқты жануарлар, бауырмен жорғалаушылар және жабайы құстар болды. Бұлардың барлығын діни заң бойынша, жеуге болмайды. Сонда бір дауыс, «Петір тұр! Біреуін сойып жел» деп бұйырды.

«Жоқ Ием! Мен ешқашан арам тамақ жеген емеспін!»

Құдай айтты – «Құдай адал еткенді, сен арам деп айтпа! Осы аян үш рет қайталанды. Осыдан кейін дастархан көкке көтеріліп кетті.

Петірдің ойлары шатасып кетті. Бұл аянның мағынасы қандай екен? Нені білдіреді? Сол уақытта Корнелдің жіберген адамдары Петірдің үйіне іздеп келіп, тауып, дарбазаның алдында тұрған еді. Петір әлі де аянның нені білдіретінін ойлап тұрғанда, Құдайдың Рухы оған «Сені іздеп, үш кісі келіп тұр. Ойланбай-ақ, орыңнан тұр, төмен түсіп, солармен бірге жолға шық. Оларды Мен Өзім жібердім.»

Петір олармен кездесіп, «Не үшін келдіңдер?» деп сұрады.

Олар «Бізді Корнел есімді жүзбасы жіберді, сізді үйіне шақыру үшін. Сіз оған құқарылу туралы хабарды айту үшін.

Келесі күні Петір, қасына біраз бауырластарын ертіп, сол үш кісімен бірге Корнел тұратын қалаға жолға шықты. Оның үйіне келіп жетті. Корнел туған туыстары мен жақын достарын, Петір мен танысу үшін, үйіне шақырып күтіп отырған еді.

Петір үйге кірген кезде, Корнел оның алдынан шығып, аяғына жығылып тағзым етті. Петір оны тұрғызып, «Тұрыңыз! Менде сіз сияқты адаммын.» деді. Корнел тұрып, Петір мен сөйлескен бойы, үйдегі жиналған қонақтардың қасына келді.

Өздерің білетіндей, сендер Ыбырайымның ұрпағына жатпайтындықтан сендердің үйлеріңе кіруге діни заң тиым салған. Бірақ Құдай маған басқа ұлт адамдарын арам деп, қарамау керек екенін үйретті. Сондықтан сіздердің шақыруларыңызды қабылдап, тез келдім. Енді маған не себепті шақырғаныңызды айтыңыз.

Сонда Корнел былай деді – Үш күн бұрын, өз үйімде, Құдайға сыйынып отырғанымда, кенеттен киімдері жарқыраған бір ер адам алдыма тұра қалып: «Корнел, сенің мінажатың Құдайдың құлағына жетті.» Оның бұйырғанындай мен тез арада сізді алдыртуға кісі жібердім. Енді біз бәріміз отырып, Иеміздің сізге айтуға тапсырғанын тыңдағымыз келеді.

Петір былай деді – Құдай адамның бет жүзіне қарамайтынын енді шынымен білдім. Ол әр ұлыттың Өзін қастерлеп, Оның алдында әлділікке сай жүргендерді қабылдайды. Петір оларға Ізгі хабарды және кім де кім Исаға сенсе, олардың күнәсі кешірілетінін айтты.

Петір осы сөздерді айтып тұрғанда, Құдайдың Рухы тыңдап отырғандардың бәріне қонды. Олар Құдайды мадақтап, күнәдан бас тартып, Құдайға бет бұрып, Исаға сеніп, шомылдыру рәсімінен өтті.

Корнел Петірден қастарында бірнеше күнге қалуын өтінді.

Елшілер мен басқа бауырластар, басқа ұлт адамдарының Құдайдың Ізгі хабарын естіп қабылдағанын білді. Петір Иерусалимге келгенде, кейбір сенушілер оған наразылықтарын айта бастады. «Сіз сүндеттелмеген адамдарға барып, солар, мен бірге тамақ ішіпсіз!» деп айыптай бастады. Петір оларға болған оқиғаны баяндап айтып берді.

Басқалар Петірдің айтқандарын тыңдап, сұрақтарына жауап алды. Олар Құдайды мадақтай бастады. Құдай бәрінің теріс жолдан қайтып, шынайы өмірге ие болуына мүмкіндік берді.

### 3. Жаратылыстан Қауымға дейін

Әуел баста Құдай көк пен жерді жаратты. Соның ішіндегі барлық керекті нәрселерді сөз арқылы жаратты. Онсыз еш бір нәрсе жаратылмаған. Құдай адамды ерекше Өзіне рухани ұқса етіп жаратты. Бір еркек, бір әйелді жаратты. Құдай олармен тығыз байланыста тұрды. Олар мен сөйленісті, бірге жүрді және қамқорлық жасады. Бір күні олар Құдайдың тілін алмағандықтан, олардың Құдаймен қарым-қатынасы үзілді.

Еркек пен әйел жақындасқаннан кейін, олардың балалары болды. Және олардың балаларының балалары болды. Сөйтіп олардың ұрпақтары көбейе берді. Сол арқылы жер бетінде адамдар көбейді. Бірақ сол бірінші адам мен оның әйелі сияқты, адамдардың барлығы Құдайдан алыстап кетті. Бірақ Құдай Оның ерекше жараттылғанын ұмытқан жоқ. Бір күні Құдай Ыбарайыммен сөйлесті. Ыбарайымға айтты «Сен арқылы көп ұрпақ таратамын. Мен олар арқылы үлкен халық жасаймын. Олар Менің таңдап алған халқым болады. Мен, сен арқылы, барлық ұлыттарға батамды беремін.» Ыбарайым кәрі шал болса да, Құдайдың сөзіне сенді. Құдай Ыбарайымның сенімін көріп, осы сенім арқылы Ыбарайыммен тығыз байланыста болды.

Құдай Ыбарайым арқылы уәдесін орындады. Ыбарайымда бала болмады. Ыбарайым арқылы үлкен халық тарады. Кейбіреулері Құдайдың жолымен жүрді, ал көбі, Адам ата мен оның әйелі сияқты, Құдайға мойынсұнбады. Құдаймен байланыста қалпына келтіру үшін Құдай оларға көптеген пайғамбарларды жіберді. Кейін Құдай, Ишая пайғабар арқылы, уәде етілген Құтқарушы туралы, Ыбарайымның ұрпақтарына айтты. Ишая былай деді, біз Құдайдан және Оның жолынан алыстағанбыз. Біз күәһармыз «Бірақ Құдай сендерге Құтқарушыны жібермін деп уәде етті.» Ол сендердің күәһарнды Өз мойынына алды. Оны ұрып соғады және азаптайды. Сендердің күәһарың үшін өледі. Бірақ Мен Оған қайтадан өмір беремін. Сол арқылы Менімен байланысты жалғастырамын деді Құдай.

Сол уақыттан бері осы уәдені күтті және ұзақ күтті. Құдай Ыбарайымның ұрпақтарына берген уәдесін орындап, Құтқарушы Исаны жіберді. Ол көптеген кереметтер жасап, көп адамдарды сауықтырады, жындар да Оның билігінің бар екенін біліп Оған бағынды. Осылай Иса Өзінің Құтқарушы екенін дәлелді.

Бәрі бірдей Исаны Құтқарушы деп танымады. Бірақ көп адамдар Оның соңынан еріп жүрді. Иса әрдайым ең жақын шәкіртерімен бірге болып, оларға тәлім берді. Бір күні оларға «Кім Менімен бірге болса, Мен оларға мәңгілік өмір беремін. Сендер Менікісендер. Ешкім менен сендерді ажыратып алмайды. Мен Құдаймен бір тұтаспыз» деді.

Құдаймен біргемен деп айтқаны үшін Исаға сенбейтін адамдар қатты ашуланды. Олар Исаның көзін құртқы қалады. Құдайдың пайғамбарлар арқылы алдын ала айтқанындай, Исаны азаптап, ұрып-соқты. Бірақ Құдай айтқандай, Иса үшінші қайтадан тірілді!

Иса шәкіртеріне қайтадан көрінді. Ол өлімнен қайта тірілгенін көптеген адамдарға көрінуі арқылы дәлелді. Қырық күн шәкіртерімен бірге болып, оларды жігерлендіріп, тәлім берді. Иса шәкіртеріне, «Мен көкке кетемін, бірақ сендерге Киелі Рухты жіберемін» деді. Құдай күдіреттімен Киелі Рухты қабылдайсыңдар. Сол арқылы Мен туралы жердің шетіне дейін жариялайсыңдар. Енді осы дүниеге барыңдар. Мен сендерге үйреткен өсиеттеріма, оларға да үйретіндер. Кім Мен туралы естіп, Маған сенсе, оларды шомылдыру рәсімінен өткізіндер. Осы су, сеніммен күәһан бас тартып Құдайға бет бұрғанын көрсетеді.

Бір кезде Иса көздерінің алдында бұлтпен көкке көтеріліп кетті. Осы кезде екі періште көрініп, сендер неге аспанға қарап тұрсыңдар. Иса қалай көтеріліп кетсе, солай қайтып келеді деп айтты.

Исаның қайта келуін шәкіртері асыға күтті. Және олар жан-жаққа тарап, Иса туралы адамдарға айт бастады. Исаға сенгендер күәһан бас тартып, Құдайға бет бұрды. Олар сенім арқылы шомылдыру рәсімінен өтіп, Құдай жолына түсті.

Осы күнге дейін Исаның шәкіртері осыны істеп келеді. Олар әркімге Иса туралы айтады және сол адамдар сенсе, күәһан бас тартып, шомылдыру рәсімінен өтіп, Құдайға бет бұрады. Исаға сенген адамдар бір-бірімен қарым-қатынаста тұрып басқаларға айтып, бір-біріне көмектеседі, және жігерлендіреді.

Мен осылай істегім келеді. Мен басқаларға Иса туралы айтуға тырысамын.

### 4. Жаратылыс (Жар 1-2)

Әуел баста Құдай болатын. Құдай сөз арқылы осы дүниенің және ондағының бәрін түр-түрімен жаратты. Жарықты түнектен ажыратып, Құдай құрғақ жерге жасыл шөптерді түр-түрімен шығарды. Кейін әр түрлі жан-жануарларды, құстарды теңізде жүретін әр түрлі балықтарды жаратты. Құдай енді рухани жағынан, Өзіне ұқсас адамды жаратты.

Құдай адамды топырақтан жасап, оның мұрнына рухын үрлегенде, адам тірі жан болып шыға келді. Құдай баққа адамды орналастырды. Құдай әр түрлі жеміс беретін ағаштарды сол бақта өсірді. Сол бақтың

ішінде көз тартарлық өте дәмді жеміс болды. Құдай бақтың ортасына мәңгілік өмір сыйлайтын ағашты және жамандық пен жақсылықты білдіретін ағашты өсіріп шығарды.

Құдай адамға, «Барлық жемістерді жеуге болады, бірақ жамандық пен жақсылықты танытатын ағаштың жемісін жеме! Жесең, өлесің,» деп айтты.

Құдай «Адамның жалғыз болғаны жараспайды» деп, адамды терең ұйқыға батырып, оның бір қабырғасын алып, соның орнын етімен жауып, қабырғадан әйел жасап берді. Әйелді адамға алып келді. Адам оны көріп «Ол сүйегімнен шыққан сүйек етімнен шыққан ет! Бұл менің әйелім,» деді. Адам ата мен Хауа ана жалаңаш еді, бірақ олар бір-бірінен ұялмады.

Құдай оларға бата беріп, «Өсіп, өніп көбейіңдер және осы теңіздегі балықтар мен жан-жануарларға билік жүргізіңдер,» деп айтты. Құдай Өзінің барлық жаратқанының жақсы екенін көрді. Құдай осы жаратылысты 6 күнің ішінде жаратты.

Жетінші күні Құдай жұмыс жасамады, «қасиетті күн» деп оң батасын берді. Сол күн ерекше, өйткені Ол Өзінің жұмысын бітірген еді.

## 5. Құдайдың тілін алмау (Жар. 3)

Құдай жаратқан хайуаналардың ішіндегі ең қуы жылан болған еді. Жылан Хауа анаға сұрақ қойды – «Құдай сендерге ешқандай жемісті жеуге болмайды деп шынымен айтты ма?» деді. Әйел – «жоқ! Бізге Құдай ағаштарды жемісін жеуге болады, бірақ тек жамандық пен жақсылықты білдіретін ағаштың жемісін жемендер, тимендер айтпесе өлесіңдер деді. Жылан – «жоқ! Өлмейсіңдер! Сендер Құдай сияқты боласыздар. Не жаман не жақсы екенін ажырата білісіңдер!»

Әйел сол ағаштың жемісіне қарап, оның әдемі екенін, көз тартарлық және ақылды етіп қызықтырып тұрғанын көрді. Әйел жемісті алып жеді және оның жанындағы күйеуіне берді. Ол да жеді. Сол кезде олардың ішінде бір сезім пайда болды, сонда олардың жалаңаш денесін көріп ұялды. Олар жапырақтарды алып, ұятты жерлерін жапты.

Кешке Құдайдың бақтың ішінде жүргенін естіп, ағаштың арасына жасырынып қалды. Құдай Адам атаны шақырды «Сен қайдасың?» деді. Сонда Адам ата – «Сенің жүргенің естіп, қорқып кеттім себебі мен жалаңашпын?» Құдай айтты, «Кім айтты саған жалаңашпысың?» деп. «Сен Мен тиым салған ағаштың жемісін жедің бе?» «Сен маған берген әйел сол ағаштың жемісін берді.» Құдай Хауа анадан, «Неге сен бұлай істедің?» деп сұрады. «Жылан мені азғырды» деді. «Сонда желім» деді.

Құдай жыланға үкім шығарды, «Өмір бақи жер бауырлап топырақ жеп өтесің. Осы уақыттан бастап, сенің ұрпағыңмен әйелдің ұрпағын мен жау боласын. Ол сенің басыңды мыжыйды, ал сен Оның өкпесін шағатын боласың» деді.

Әйелге айтты «сен бала көтергенде қыйналып туатын боласың»

Құдай Адам атаға – Мен тиым салған жемісті жеген үшін жерді қарғыс атты, ошағыңды тікенді жаман шөптер басады. Өмір бақи жер өңдеп, маңдай теріңді төгіп өлгенше еңбек етіп күніңді көресің.

Адамдар енді жаман мен жақсылықты білетін болды. Құдай оларды бақтан қуып шығарды. Мәңгілік өмір сыйылайтын ағаштың жолына Құдай Өзінің күзетін перептелерін қойды.

## 6. Ыбырайым (Жар. 12:1-7; 15:1-6)

Адам ата мен Хауа ана Құдайға мойынсұнбағандықтан, Құдайдан алыстап кетті. Бірақ Құдай оларды ұмытпады. Барлық жаратылыстың ішіндегі ерекшесі адамдар еді. Арады көп жылдар өтсе де, Құдай адамдармен тығыз байланыста болғысы келді. Құдай Өзіне халқы ету үшін Ыбырайымды таңдады. Осы әңгіме, Ыбырайым туралы.

Құдай ыбырайымға «Туып өскен жеріңді туған туыстарыңды тастап, Мен көрсеткен жерге көш,» деді. «Сен арқылы, Мен үлкен ұрпақ жасаймын. Мен саған бата беріп, атыңды шығарып, сен арқылы басқаларға батамды беремін. Сен арқылы барлық ұлттарды жарықаймын.»

Енді Ыбырайым Құдайдың айтқан сөзі бойынша жолға шықты. Сол кезде Ыбырайым шал болатын, жасы жетпіс бес жаста еді. Осылай, оның әйелі Сара және өзінің жинаған байлығымен, қызметшілерімен, Құдай болашақта көрсететін жерге барды. Ыбырайым жеткен кезде, сол жерді аралап көріп, бір үлкен ағаштың жанында патырларын құрып қоныстанды.

Құдай Ыбырайымға, «Болашақта ұрпақтарыңа сол жерді сыйлаймын,» деп, аян көрсетіп уәде берді. Ыбырайым аян көрген жерде, Құдайға сыйынды.

Осы оқиғалардан кейін, Құдай Ыбырайымға аян беріп, «Қорықпа! Мен сені қорғаймын! Және саған беретін сыйлық зор болады,» деді. Бірақ Ыбырайым Құдайға айтты, «Сенің баталарың қандай? Қандай сыйлық бермексің? Менің балам жоқ! Сен маған ұрпақ бермедің. Сондықтан менің қызметшім үйіме мұрагер болмақшы. Сен маған бала сыйламадың. Менің қызметшімді мұрагер етпекші,» деді.

Сонда Құдай былай айтты - «Сенің үйіңдегі қызметші мұрагер болмайды. Мен саған ұл беремін! Далаға шығып, аспанға қарашы. Жұлдыздарды санап, санына жете аласың ба? Сенің ұрпақтарың жұлдыздар сияқты сансыз көп болады,» деп уәде берді.

Ыбырайым Жаратқан Иеге сенді. Сенімі арқылы Құдаймен тығыз байланыста болды. Сенімі арқылы Құдай Ыбырайымды ақтады.

## 7. Уәде етілген Құтқарушы туралы (Иш. 53)

Дәуіт патшадан кейін Құдайдың халқы құдайға мойынсұнбасды, бәрібір күнә жасай берді. Бірақ Құдай Өз халқын ұмытқан жоқ. Оларға үміт артатын қуанышты хабарды Ишая пайғамбар арқылы жіберді. Ишая оларға айтты – «Құдай бізге Қызметшісі Құтқарушыны жіберді. Кейбірулер Оны жек көреді, менсінбейді. Құтқарушы Ол қиыналады, біздің ауыр жүгімізді, қасіретімізді Өзінің мойнына көтереді. Құдайдың

қызметшісінің тартқан жазасы біздің жүрегімізге амандық, тыныштық береді. Біз қой сияқтымыз. Қой қандай екенін білсізбер ме? Қой жолдан адасып кетеді. Бізде сол қой сияқты адасып жүрміз. Біз күнә жасамыз. Өз бетімізбен жүреміз. Бірақ Құдай Өзінің қызметшісінің мойнына күнәларымыздың бәрін артыды. Құтқарушы тоқты сияқты сойылатын жерге алып барады қызметшісі біздің әділетсіздіктеріміз үшін, азапталады, өлтіруге алып кетеді, бірақ Ол қайта тіріліп мәңгі өмір сүреді. Осының нәтижесінде көп адамдар Құтқаршыны мойындап Құдаймен татуласады.»

Ишья пайғамбар арқылы айтылған сөзі Құдайдың халқына уәде етілгін Құтқарушы келеді деп үмітпен күтті.

## **8. Жын соққан адам (Марқа 5:1-20)**

Иса туралы хабар жан-жаққа тарап-кетті және адамдар Исаны көргісі келіп, жан-жақтан Оның қасына келіп жатты. Кейбір адамдар Исаның соңынан өздері еріп жүрді. Исаның Өзі 12 адамды Өзіне шәкірт етіп таңдап алды. Оларға тәлім беріп, солармен бірге сапарға шығып жүрді. Олар Исаның ең жақын шәкірттері болды.

Бір күні Иса қасына шәкірттерімен ертіп, қайықпен көлдің арғы жағына өтті.

Иса қайықтан түсіп жатқанда, бір жын соққан адам қабірден шығып, Исаға қарсы келді. Сол кісіні бірнеше рет аяқ-қолдарын шынжырлармен байлап, кісендеп қойған, бірақ ол шынжырларды, кісендерді үзіп тастайтын. Сол адамды ұстауға ешкімнің күші жетпеді. Сол адам күні-түні қабірлердің арасында, төбелердің басында, айқай салып жүгіріп, өз-өзін тастармен ұрып, өзін жарақаттайтын еді.

Сол адам Исаны алыстан көріп жүгіріп келіп, Исаға тағызым етті. Сол кезде қатты айқайлап «Құдайдың Рухани Ұлы Иса, мені қатты қинамаңызшы» деді. Өйткені Иса жынға – «Бұл адамнан шық» деп бұйырған еді.

Иса одан «Атың кім?» деп сұрады. «Менің атым үлкен топ өйткені біз көппіз» деді. Сол кезде жындар Исадан қайта, қайта «Бізді алысқа жіберме! Жақын жерде бір топ шошқалар бар. Өтініп, бізді шошқалардың ішіне жіберіңіз!» деп жалынып сұрады. Иса рұқсат етті. Жындар адамның ішінен шығып, сол жердегі екі мың шошқалардың ішіне кіріп, жардың төбесінен суға секіріп, тұншығып өлді.

Соны көрген шошқалардың бақташылары қорқып, қашып кетті. Олар қалаларға және ауылдарға барып, кездескен адамдарға көргендерін айтты. Мұны естіген адамдар болған оқиғаны көргісі кеп, Исаның қасына жүгіріп келе бастады. Сол адамдар Исаның алдында жын соққан адамның киім киіп, ақыл есі дұрыс адамдай болып отырғанын көріп, қорқып кетті. Жын соққан адамға және шошқаларға не болғанын көрген адамдар оны басқа адамдарға айта бастады. Естіген адамдар Исаға – «Біздің жерімізден кет» деп өтінді.

Иса қайыққа мініп кететін кезде, жын соққан адам – «Мен де Сізбен бірге болайыншы» деп Оған өтініп жасады. Бірақ Иса оған былай деді «Құдайдың өзіне не істегенін рақымшылық көрсеткенін үйіңе, достарыңа барып айт! Сол адам 10 қалаға барып, Исаның өзіне не істегенін айтып жариялады. Естіген барлық адамдар аң-таң қалды.